



Қазақстан
Республикасының
Ғылым және жоғары
білім министрлігі



**Университеттің академиялық беделі.
Сапаны ішкі қамтамасыз ету және ESG.
ЖОО мен білім беру бағдарламаларын
аккредиттеу: «таза парақтан» реттеудің
жаңа саясаты мәнмәтінінде**

С.М. Өмірбаев


Astana IT University ректорының м.а.

Астана - 2023

Білім беру қызметінің факторлары



Жоғары оқу орындарының үдемелі дамуы





Оқыту
(жалпы экономика және қоғам
үшін кадрлар даярлау)

Зерттеу
(ғылым, жаңа білім мен
инновацияны генерациялау)

Адами капиталды дамыту



УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ
ҮШІНШІ МИССИЯСЫ:
Әлеуметтік жауапкершілік

Қоршаған орта (табиғат,
экология) фактор ретінде (бес
шиыршықты тұжырымдама)



**Жаңа өнім, инновация
идеялары**

Университет

**Қаржыландыру, даму
стратегиясы**

Кәсіпорындар

Мемлекет

**Жұмыс, салық,
инфрақұрылым**

Үштік шиыршық – ілгерінді



Табиғи орта фактор ретінде
(бес шиыршықты
тұжырымдама)

ЖОО-ның
әлеуметтік
жауапкершілігі
(төрт шиыршықты
тұжырымдама)

ЖОО-ның тыныс-тіршілігі және тәуекелдер

Тәуекелдер: білім сапасына зиян келтіретін қолайсыз факторлар

Тәуекелдер: ішкі, сыртқы, объективті, субъективті, сыбайлас жемқорлық



Тәуекелдерді басқару: тәуекелдердің әсерін азайту, әсерін жою, алдын алу

Академиялық бедел факторлары

Институционалдық деңгей	<ul style="list-style-type: none">- рейтингтегі орындар: институционалдық, білім беру бағдарламалары;- аккредиттеу: институционалдық, мамандандырылған;- әлеуметтік әріптестікті дамыту: ауқымдылығы, қатысушылар географиясы;- өңірлік немесе елдік жобаларды іске асыру
Академиялық қызмет	<ul style="list-style-type: none">- білім беру бағдарламаларының сапасы (академиялық портфель);- оқыту және сабақ беру сапасы;- білім алушылардың үлгерімі;- ПОҚ-ның сапалық құрамы;- оқу-зертханалық базаның сапасы;- ұлттық білім беру жобаларын іске асыру
Ғылыми-зерттеу қызметі	<ul style="list-style-type: none">- ғылыми мектептер, олардың болуы, тұрақтылығы;- қаржыландырылатын ғылыми жобалар;- ғалымдардың белсенділігі: басылымдар, Хирша индексі;- ғалымдар жаңалықтары, олардың танымалдығы;- студенттердің ғылыми байқаулардағы жетістіктері
Тәрбие қызметі	<ul style="list-style-type: none">- студенттік қозғалыстардың дамуы мен ашықтығы;- студенттік жобалардың нәтижелері: мәдени, спорттық, еріктілер және т. б.
Тұлғалық факторлар	<ul style="list-style-type: none">- танымал оқытушылар;- дарынды студенттер;- табысты түлектер;- сенімді стейкхолдерлер

ЖОО-ның қоғамдағы академиялық беделін құру үдерісі

**ЖОО –
академиялық және
зерттеу үдерісі**

**ЖОО –
адами
ресурстардың
шоғырлануы**

**ЖОО -
ұрпақтардың
дүниетанымын
қалыптастыру**

**ЖОО -
стейкхолдерлердің
болуы: ішкі және
сыртқы**

**ЖОО –
кең көкжиектер:
өңірлік, елдік,
халықаралық**

ЖОО-ның академиялық беделіне адамдар да, үдерістердің өзі де әсер етеді

«ТАЗА ПАРАҚТАН» РЕТТЕУ



Информационно-правовая система
нормативных правовых актов
Республики Казахстан

Министерство юстиции
Республики Казахстан
Институт законодательства
и правовой информации



🏠 Поиск Официальное опубликование | Документы ООН | Библиотека исследований | Научный обзор | Избранное | Кабинет

👁️ ҚАЗ РУС

Об утверждении критериев оценки степени риска и проверочных листов за системой образования, в части высшего и послевузовского образования

Совместный приказ Министра науки и высшего образования Республики Казахстан от 1 декабря 2022 года № 166 и Министра национальной экономики Республики Казахстан от 2 декабря 2022 года № 116. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 2 декабря 2022 года № 30920

Текст | Официальная публикация | Информация | История изменений | Ссылки | Скачать | Прочее

Примечание ИЗПИ!
Порядок введения в действие см. [п. 4.](#)

В соответствии с [пунктами 5, 6](#) статьи 141 и со [статьей 143](#) Предпринимательского кодекса Республики Казахстан ПРИКАЗЫВАЕМ:

1. Утвердить:

1) критерии оценки степени риска за системой образования, в части высшего и послевузовского образования согласно [приложению 1](#) к настоящему совместному приказу;

2) проверочный лист профилактического контроля с посещением в отношении организаций высшего и послевузовского образования согласно [приложению 2](#) к настоящему совместному приказу;

Жүйе келесі ақпарат көздерінен алынған деректерді талдау нәтижелері бойынша тәуекел дәрежесін автоматты түрде бағалайды:

	Өлшемдер барлығы	
	Кәсіби бақылау /тексеру	оның ішінде өрескел
1-дереккөз: ЖЖОКБҰ-ның өздері ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері	16 / 18	8 / 14
2-дереккөз: Алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылау нәтижелері	24 / 31	17 / 27
3-дереккөз: бір жыл ішінде түскен расталған шағымдардың болуы және саны	2 / 2	1 / 1

МАҢЫЗДЫ! Бір (1) және одан да көп өрескел бұзушылықтың анықталуы – тәуекел тобына автоматты түрде қосу

ЖОО-ның ЖОҒАРЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ БЕДЕЛІН АНЫҚТАЙДЫ

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі (жұмыс берушілер мен еңбек нарығын бағалау)

Аккредиттеу (институционалдық және (немесе) мамандандырылған (аккредиттеу агенттіктерін бағалау)

Әр түрлі рейтингтердегі позициялар (рейтингтік агенттіктерді бағалау)

Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру (Үкіметтің бағалауы)

Талапкерлерді білім беру бағдарламаларына, тыңдаушыларды түрлі курстарға қабылдау


Әр түрлі байқаулардағы жетістіктер: білім беру, ғылыми

МАҢЫЗДЫ: ЖОО ашық (транспарентті) және қоршаған әлеммен өзара әрекеттескенде ғана беделге ие болады


ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ БЕДЕЛДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Академиялық бедел - бұл жоғары оқу орны туралы, оның академиялық сапасы: жетістіктері, артықшылықтары мен кемшіліктері негізінде қалыптасатын қоғамдастық субъектілерінің және (немесе) жалпы қоғамның әртүрлі санаттарының пікірі.

АКАДЕМИЯЛЫҚ БЕДЕЛ ӨЛШЕМДЕРІ




Тезис: Академиялық беделдің мінсіздігіне нақты стратегиялық жоспарлау және сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің тиімділігі арқылы қол жеткізіледі



QA ҰЛТТЫҚ МОДЕЛІ ЖӘНЕ ТАБЫСТЫ ЖОО

«... Әлемдік деңгейдегі жаңа университеттерді құру жолдарын қарастыра отырып, бір-бірін толықтыратын екі факторды ескеру қажет. Біріншісі сыртқы сипатқа ие - бұл ұлттық, өңірлік және жергілікті деңгейдегі Үкіметтің рөлі және университеттің мәртебесін көтеру үшін тартылатын ресурстар. **Екінші фактор** - ішкі. Бұл университеттердің өз мүмкіндіктерін енгізу, әлемдік деңгейдегі оқу орындарын құру жолында қажетті өзгерістер процесі мен қадамдар».

Д.Салми. Әлемдік деңгейдегі университеттер құру



Сапаны қамтамасыз ету жүйесінің барлық деңгейлері академиялық сапаға қол жеткізуге бағытталған. Осыған байланысты сапаны қамтамасыз ету жүйесінің қағидаттары, тетіктері мен құралдары оның барлық деңгейлерінде өзара байланысты болуы және өзара іс-қимыл жасауы тиіс. Тек осы жағдайда ғана жоғары білім сапасын арттыруды қамтамасыз ету мүмкін болады. Егер сапаны қамтамасыз ету тетігінің қандай да бір элементі жұмыс істемесе, онда білім беру сапасын арттыру немесе жақсарту мәселелерін шешу қиын болады».

С.Өмірбаев. Қазақстанның білім беру сапасын қамтамасыз етудің ұлттық моделі

САПА МӘДЕНИЕТІ

01

САПАЛЫ
КОНТЕНТ

02

САПАЛЫ
ПЕРСОНАЛ

03

САПАЛЫ
КОНТИНГЕНТ

04


САПАЛЫ
ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

«ЖОО-ның білім беру қызметінің сапасын арттыру мақсатында сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін құрады ...»

ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 34-тармағы

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің болмауы

QA ҰЛТТЫҚ МОДЕЛІНДЕГІ СІҚЕЖ



Тезис:

Қазақстанның жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету ұлттық моделінің негізінде сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі бар. Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесімен академиялық сапаға қол жеткізудің индикаторы - жоғары оқу орнының академиялық беделі. Академиялық бедел тұтынушының университеттің білім беру қызметінің «қабылданатын сапасын» көрсетеді

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі -

білім беру сапасын басқару саясатының, стандарттарының, құралдары мен әдістерінің өзара байланысқан және өзара әрекеттесетін жиынтығы.

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің элементтері :

- 1) Сапаны қамтамасыз ету саясаты;
 - 2) Сапаны қамтамасыз етудің құндылықтары мен қағидаттары;
 - 3) Сапаны ішкі қамтамасыз ету стандарттары;
 - 4) Сапаны қамтамасыз ету тетіктері мен құралдары (индикаторлар мен өлшемдер);
 - 5) Сапаны қамтамасыз ету жүйесін басқару
- Сапаны қамтамасыз ету саясатын жүзеге асырудың **құралы - сапа мәдениеті.**
 - Білім беру үдерісінің барлық қатысушылары - **сапаны қамтамасыз ету жүйесін жақтаушылар**, сапаның жалпы мәдениеті болуы керек.
 - Сапаны қамтамасыз ету **жүйесінің әдістемесі** академиялық құндылықтар мен негізге алынатын қағидаттарға негізделеді.
 - Сапаны **қамтамасыз ету құралдары** миссия мен даму стратегиясына сәйкес болуы тиіс.

САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІНІҢ МОДЕЛІ

Q

Q - академиялық сапаға қол жеткізу

ЖОО-ның қоғамдағы
жоғары академиялық
беделі

Сапаны ішкі қамтамасыз етудің
саясаты және стандарттары


Сапа тұжырымдамасы
және
сапаны қамтамасыз ету
әдістемесі .
Академиялық құндылықтар.
Сапаны қамтамасыз ету қағидаттары.
Сапа мәдениеті

Сандық және сапалық
индикаторлар мен
өлшемдер.
Әкімшілендіру.
Ішкі бақылау және бағалау.
Мониторинг және талдау

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі

САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

- 01 Сапаны ішкі қамтамасыз ету қажеттілігі туралы жалпы түсінікке қол жеткізу
- 02 Сапа тұжырымдамасын әзірлеу
- 03 Сапаның ішкі мәдениетін қалыптастыру
- 04 Сапаны қамтамасыз ету менеджментін анықтау
- 05 Сапаны қамтамасыз ету саясатын әзірлеу
- 06 Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін ілгерілету



САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ және АКАДЕМИЯЛЫҚ БЕДЕЛ



ЖОО-ның академиялық беделі - оның білім беру нарығындағы мәртебесі мен беделінің маңызды көрсеткіштерінің бірі және оның қызметінің нәтижелерін көрсетудің кең спектріне ие. Академиялық бедел тұтынушының білім беру қызметтерінің «қабылданған сапасын» көрсетеді немесе басқаша айтсақ, университет қызметінің нақты нәтижесі. Жоғары академиялық беделге қол жеткізу үшін ЖОО атаққа ғана назар аударып қоймай, шын мәнінде жақсы әрі сапалы жұмыс істеуі тиіс. Мінсіз академиялық беделге сапаны ішкі қамтамасыз етудің тиімді құрылған жүйесі арқылы қол жеткізіледі.



Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің жоғары академиялық сапасына қол жеткізудің көрсеткіші жоғары оқу орнының академиялық беделі болып табылады.

САПА ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

01 Сапаның тәсілдері мен оны түсіну, сапаны қамтамасыз етудің мәні


02 Сапа мәдениеті

03 Бұлжымастық, жауапкершілік және сапаны қамтамасыз етуді дамыту

04 Сапаны ішкі қамтамасыз ету әдістемесі





05 Сапаны қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары

06 Сапаны қамтамасыз етудің негізгі құндылықтары



САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ ҚАҒИДАТТАРЫ








© ESG ҚАҒИДАТТАРЫ:

-  Жоғары оқу орындары - ұсынылатын білімнің сапасы мен оны қамтамасыз етуге негізгі жауапты;
-  Сапаны қамтамасыз ету жоғары білім беру жүйесінің, жоғары оқу орындарының, ББ және студенттердің алуан түрлі қажеттіліктеріне жауап береді;
-  Сапаны қамтамасыз ету сапа мәдениетін дамытуды қолдайды;
-  Сапаны қамтамасыз ету студенттердің, басқа да стейкхолдерлер мен қоғамның қажеттіліктері мен үміттерін назарға алады.

САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

Институционалдық деңгей

1

-  Академиялық адалдық пен еркіндікті қолдау, сыбайлас жемқорлық пен кемсітушіліктің кез келген түрлеріне төзбеушілік
-  Үдерістер, сапа және стандарттар үшін жауапкершілікті нақты анықтау
-  Процестік тәсілді және тәуекелге бағдарланған ойлау қағидастарын қолдану
-  Деректер мен ақпаратты жан-жақты талдау негізінде маңызды басқару шешімдерін қабылдау
-  Сапаны қамтамасыз ету жүйесін үздіксіз жетілдіру және сапа мәдениетін дамыту
-  Сыртқы және ішкі тәуелсіз бақылау мен бағалауды қолдану
-  Мүдделі тараптар үшін ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету

Тезис:

Сапаны қамтамасыз ету мен жоғарылату университет басшылығының, құрылымдық бөлімшелердің және қызметкерлер мен білім алушылардың жалпы жауапкершілігі болып табылады (ESG)

САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СТАНДАРТТАРЫ

01 Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат

02 Бағдарламаларды әзірлеу және бекіту

03 Студенттерге бағытталған оқыту, сабақ беру және бағалау

04 Студенттерді қабылдау, оқу үлгерімі, тану және сертификаттау

05 Оқытушылар құрамы

06 Оқу ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі

07 Ақпаратты басқару


08 Жұртшылықты ақпараттандыру

09 Бағдарламалардың тұрақты мониторингі және мерзімді бағалау

10 Мерзімді сыртқы сапаны қамтамасыз ету

Тезис:

Қазақстан жоғары білім берудің Еуропалық кеңістігінің толыққанды мүшесі ретінде еуропалық тәсілдерге сәйкес, атап айтқанда ESG – стандарттар мен БЖЗҚ-да сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылық негізінде жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесін қалыптастырады



ҚР ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ НҚА-де ESG-ді КӨРІНІС ТАБУЫ

ESG	ҚР «Білім туралы» заңы	ЖКББ ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары	Жоғары білім МЖОС	ОКТ бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары	ЖЖКББҰ-на оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары
1.1. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат					
1.2 Бағдарламаларды әзірлеу және бекіту					
1.3 Студентке бағытталған оқыту, сабақ беру және бағалау					
1.4 Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау					
1.5 Оқытушылар құрамы					
1.6 Оқу ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі					
1.7 Ақпаратты басқару					
1.8 Жұртшылықты ақпараттандыру					
1.9 Бағдарламаларға тұрақты мониторинг және мерзімді бағалау					
1.10 Мерзімді сапаны сыртқы қамтамасыз ету					

Тезис:

Мемлекет білім беру үдерісінің әрбір субъектісіне орнықты, ашық және түсінікті болуы тиіс сапаны қамтамасыз етудің ұлттық моделін қалыптастырады. Сапаны қамтамасыз ету жүйесін мемлекеттік реттеу қажеттілігі мемлекеттің қолжетімді және сапалы жоғары білім алуда азаматтардың мүдделерін қорғайтындығымен түсіндіріледі

ҚР ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ НҚА-де ESG-ДІ КӨРІНІС ТАБУЫ (мысал)


ESG	ҚР «Білім туралы» заңы	ЖЖОКБ ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары	Жоғары білім МЖОС	ОКТ бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары	ЖЖОКБҰ-на оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары
1.4 Студенттерді қабылдау, оқу үлгерімі, тану және сертификаттау	5-бап. ҚР ҒЖЖБМ: 2-1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлуді бекітеді 4-1) білім алушыларды қабылдау қорытындылары бойынша мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді 43-1-бап. 2. ЖЖОКБҰ құзыретіне мыналар жатады:б) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына қабылдау қағидаларын әзірлеу және бекіту	24. Білім алушыларды қабылдауды жүзеге асыру үшін бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде әзірленген ЖЖОКБҰ-ға қабылдау қағидаларын әзірлейді, бекітеді және сақталуын қамтамасыз етеді.	22. ... ТжКБ, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының базасында «кірісте» жоғары білімнің білім беру бағдарламасының бейіні ТжКБ немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда формальды білімнің алдыңғы деңгейіндегі оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады және оқу мерзімі қысқартылады. Оқыту нәтижелері пререквизиттер ретінде сәйкес келген жағдайда формальды білім берудің алдыңғы деңгейінің жекелеген пәндері, сондай-ақ тиісті деңгейдегі бейресми білім берудің оқыту нәтижелері қайта оқылады.	39. Білім алушыға оқу пәндері (модульдері) және оқу жұмысының өзге де түрлері бойынша, сондай-ақ ББ зерделеу аяқталғаннан кейін академиялық кредиттер беру жалпы алғанда қол жеткізген оқу нәтижелерін оң бағалау кезінде жүзеге асырылады. 40. Алдыңғы оқу деңгейлерінде және басқа да ресми білім беру ұйымдарында білім алушылардың алған қол жеткізілген оқу нәтижелері мен оң бағалары ЖОО академиялық кредиттерді өз бетінше қайта есептей отырып танылады.	2. ЖЖОКБҰ-ға түсетін тұлғаларды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысын және жоғары білімнің білім беру грантын орналастыру, сондай-ақ білім алушының өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады. 5. ЖЖОКБҰ қабылдау тәртібін, нысанын, қосымша емтихан өткізу бағдарламасын және (немесе) дайындық бағытының ерекшеліктерін ескере отырып, оқуға түсушілер үшін өту балын айқындайды.

[Жоғары білім беру саласындағы НҚА-де ESG стандарттарының көрініс табуы](#)

Тезис:


Әлемдік тәжірибеге сәйкес, білім беру сапасын арттырудың ең тиімді тәсілі білім беру сапасының барлық үдерістерін жанама реттеу болып табылады. Осыған байланысты мемлекеттік бақылау жүйесінен білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесіне көшу жүзеге асырылуда

ЖОҒАРЫ БІЛІМНІҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУІ (ESG НЕГІЗІНДЕ)




Тезис:

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінде оның барлық процестері мен рәсімдерін басқару маңызды. Осыған байланысты әрбір жоғары оқу орны өзінің сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін әзірлеуі тиіс және жоғары оқу орнының перспективалық кезеңге арналған миссиясы мен даму пайымына қарай оның орнықты дамуы, жетілуі, жаңартылуы, түзетілуі үшін жағдай жасауы керек.




QA ЖҮЙЕСІНІҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІНІҢ АРХИТЕКТУРАСЫ



Тезис:
Жоғары білім сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің негізінде, ең алдымен, нормативтік-құқықтық актілер мен сапаны қамтамасыз ету саясаты ұлттық мүдделер мен менталитетті ескерумен жүргізілуі тиіс



АІТУ-ДАҒЫ САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІНІҢ НОРМАТИВТІК НЕГІЗІ

ІНҚ ТІЗІЛІМІ



Тезис: сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің табысты жұмыс істеуі үшін университеттің ішкі процестерін нақты реттеу қажет, яғни ішкі жұмыс ережелерін, кімнің не үшін жауап беретінін, кім, не, қашан және қалай істеу керектігін сипаттайтын құжаттарды және бақылау тетігін әзірлеу, келісу және тәжірибеге енгізу қажет.

САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ АРХИТЕКТУРАСЫ



САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ: ЖАУАПКЕРШІЛІК



Сапаны қамтамасыз ету АІТУ басшылығының, барлық құрылымдық бөлімшелердің, қызметкерлер мен білім алушылардың ортақ жауапкершілігі болып табылады



Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің саясаты мен стандарттары Ғылыми кеңес шешімімен бекітіледі



Ректор АІТУ-ға жалпы басшылықты жүзеге асырады, білім беру бағдарламаларын толық көлемде іске асыруды қамтамасыз етеді, АІТУ даму стратегиясын әзірлеуге және оның қызметінің заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкестігіне жауапты



АІТУ-дың сапаны ішкі қамтамасыз ету саясаты АІТУ-да сапа мәдениетін орнатуға негізделген, оған сәйкес әрбір қызметкер сапаны қамтамасыз ету және дамыту бойынша өзінің міндеттемелері мен жауапкершілігін түсінеді

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде білім беру жүйесінің тәуекел дәрежесі мен тексеру парақтарын бағалау өлшемдері

Қатысумен профилактикалық бақылау жүргізудің субъективті өлшемдері

Бұзушылық дәрежесі

6. Білім беру ұйымының халықаралық стандарттар мен Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін нұсқаулықтарға негізделген сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету(ESG–исиджи):

елеулі



1. Оқу орындарында көпшілікке қол жетімді және олардың стратегиялық менеджментінің бөлігі болып табылатын сапаны қамтамасыз ету саясаты болуы тиіс. Ішкі мүдделі тараптар бұл саясатты сыртқы мүдделі тараптарды тартумен тиісті құрылымдар мен үдерістер арқылы әзірлеп, енгізуі тиіс.

2. Оқу орындарында өз бағдарламаларын әзірлеу және бекіту рәсімдері болуы керек. Бағдарламалар күтілетін оқу нәтижелерін қоса алғанда, белгіленген мақсаттарға сәйкес әзірленуі тиіс. Бағдарламаны игеру нәтижесінде алынған біліктілік нақты анықталып, нақтылануы керек және жоғары білім берудегі ұлттық біліктілік құрылымының белгілі бір деңгейіне, демек, Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі біліктілік құрылымына сәйкес келуі керек.

3. Оқу орындары студенттерді оқу үдерісін бірлесіп құруда белсенді рөл атқаруға ынталандыратын осындай білім беру бағдарламаларын әзірлеуді қамтамасыз етуі керек, ал студенттердің үлгерімін бағалау осы тәсілді көрсетуі тиіс.

4. Оқу орындары студенттердің «өмірлік циклінің» барлық кезеңдерін қамтитын алдын-ала анықталған және жарияланған ережелерді біркелкі қолдануы керек, яғни қабылдау, оқу үлгерімі, тану және сертификаттау.
5. Оқу орындары өз оқытушыларының құзыреттілігіне сенімді болуы керек. Олар өз қызметкерлерін жалдау және кәсіби өсуді дамыту кезінде әділ және ашық үдерістерді қолдануы тиіс.
6. Оқу орындарында оқыту мен оқытушылық қызмет үшін жеткілікті қаржыландыру болуы, барабар және оңай қол жетімді оқу ресурстарын және студенттерді қолдау тәсілдерін қамтамасыз етуі тиіс.
7. Оқу орындары өздерінің білім беру бағдарламаларын және басқа да қызмет бағыттарын тиімді басқару үшін тиісті ақпаратты жинауды, талдауды және қолдануды қамтамасыз етуі тиіс.
8. Оқу орындары өз қызметі туралы ақпаратты (бағдарламаларды қоса алғанда) жариялауы тиіс, ол анық, дәл, объективті, өзекті және оңай қол жетімді болуы тиіс.
9. Оқу орындары қойылған мақсаттарға қол жеткізуді және студенттер мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету үшін бағдарламаларға мониторинг пен мерзімді шолу жүргізуі керек. Бұл шолудың нәтижелері бағдарламалардың үнемі жақсаруына әкелуі керек. Кез келген жоспарланған қызмет немесе алынған нәтижелер барлық мүдделі тараптардың назарына жеткізілуі тиіс.
10. Оқу орындары мерзімді негізде ESG сәйкес сапаны қамтамасыз етудің сыртқы рәсімдерінен өтуі тиіс.

АІТУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ СІҚЕЖ СТАНДАРТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУҒА ТАРТЫЛУЫ







«Сапаны қамтамасыз ету - жарияланған сапаның нақты және тиімді жүзеге асырылатындығына, сондай-ақ үздіксіз жетілдірілетініне кепілдік беру үшін қазіргі сапаға талдау жасайтын және назар аударатын басқару құралы». [Боллаерт]

Сапа мәдениетінің таңдалған модель мен сапаны басқаруға сәйкестігі аса маңызды.

Сапа мәдениеті



Сапа мәдениеті - ректордан бастап ассистент пен студенттерге дейінгі ұжымның барлық өкілдерінің ойынан шығатын білім сапасы туралы сенім мен құндылықтар жүйесі.

САПА МӘДЕНИЕТІНІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Сапаны анықтауға, өлшеуге, бағалауға және жақсартуға арналған құралдар мен үдерістерге негізделген сапаны қамтамасыз етудің формалды үдерістері

Жеке деңгейде қалыптасатын сапаға деген бейілділік (сапаға ұмтылыста жеке бейілділік) және ұжымдық деңгей (жеке қатынастар мен ұғыну қорытындысында жалпы мәдениетті құрайды)

Нормативтік сипат

Стратегиялық сипат


Операциялық сипат

Міндеттеме


Жауапкершілік

Тартымдылық

Қатынас, қатысу, сенім



Ұжымдық деңгей сенім мен
жалпы құндылықтарға негізделеді




Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі қуатты сапа мәдениетін дамытуға негізделген. Ұжымдағы сапа мәдениетіне ішкі мониторинг пен бағалауды жүргізу қажет.

Сапа мәдениетінің құрамдас бөлігі - академиялық және ғылыми адалдық мәдениеті.

Сыртқы аудитте ұжымда қалыптасқан сапа мәдениетіне баға беріледі.

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі және сапаны сыртқы қамтамасыз ету жүйесі



Сапаны қамтамасыз етудің ұлттық моделі



Мемлекет білім беру үдерісінің әрбір субъектісіне орнықты, ашық және түсінікті болуы тиіс **сапаны қамтамасыз етудің ұлттық моделін** айқындайды

Жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің мемлекеттік саясатының негіздері

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары

Жоғары білім ұлттық біліктілік шеңбері

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары (лицензиялау)

Әлемдік тәжірибеге сәйкес білім беру сапасын арттырудың ең тиімді тәсілі білім беру сапасының барлық үдерістерін жанама реттеу болып табылады

Мемлекеттік бақылау жүйесінен білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесіне көшу жүзеге асырылады

Бастапқы кезеңде бұл үдерісті институцияландыру мемлекеттік орган – Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің атауын өзгерту арқылы мүмкін болды



Жоғары оқу орны сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін жақсы жолға қойғанда ғана сапаны қамтамасыз етудің келесі кезеңі (деңгейі) – сапаны сыртқы қамтамасыз етуге ауыса алады

Сапаны қамтамасыз етудің қолданыстағы ұлттық моделі аккредиттеудің екі түрін көздейді:

- Институционалдық аккредиттеу - білім беру ұйымдарын аккредиттеу;
- Мамандандырылған аккредиттеу - білім беру бағдарламаларын аккредиттеу.

Аккредиттеудің объективтілігі мен бейтараптығы оны коммерциялық емес үкіметтік емес танылған аккредиттеу агенттіктері жүзеге асыратындығына байланысты.

Аккредиттеу органдары тәуелсіздік қағидаттарын ұстанады және олар халықаралық талаптарды ескерумен аккредиттеу өлшемдері мен стандарттарын дербес әзірлейді. Аккредиттеу білім беру ұйымының қаражаты есебінен ерікті негізде жүзеге асырылады.

Аккредиттеу агенттіктері сапаны сыртқы қамтамасыз ету қағидаттарына негізделген сапаны қамтамасыз етудің өз саясаты мен рәсімдерін, сондай-ақ жоғары оқу орындары үшін тиісті нұсқаулықтар мен өзге де құжаттарды әзірлейді, олардың негізінде соңғылары аккредиттеуге дайындалады. Аккредиттеу агенттіктерінің жұмысында жоғары оқу орындарының қызметін және олардың сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйелерін терең талдау, мұқият бағалау, білікті сараптау аса маңызды.


Егер ЖОО-да сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі құрылмаса немесе жұмыс істемесе, онда аккредиттеу агенттігі оң қорытынды бермеуі және осы ЖОО-ны аккредиттемеуі тиіс. Бұл түбегейлі және өте маңызды! Олай болмаса, сапаны қамтамасыз ету жүйесінің тұтастығы (бірлігі) қағидаты жұмыс істемейді.

Аккредиттеу агенттіктері

Аккредиттеу кеңестері


ЖОО-ларды аккредиттеу жөніндегі және ЖОО-ларды аккредиттеу туралы есептерді бекіту туралы соңғы шешімдер

Сапаны қамтамасыз етудің ұлттық моделі



Сапаны қамтамасыз ету жүйесін мемлекеттік реттеу қажеттілігі **мемлекеттің қол жетімді және сапалы жоғары білім алуда азаматтардың мүдделерін қорғайтындығына** байланысты. Мемлекеттік саясат жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының, жоғары білім Ұлттық біліктілік шеңберінің талаптары мен нұсқауларын, білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын (лицензиялау) іске асыруға бағытталған.

Аккредиттеу агенттіктерінің қызметін реттеу құралдары



Аккредиттеу органдарына қойылатын талаптар

Заңды тұлға мәртебесі

ЭЫДҰ-ға мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізілімдеріне және (немесе) қауымдастықтарына кіру

Сайттың (ақпараттық жүйенің) үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) болуы

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы біліктілігін жыл сайын арттырумен ғылым докторы, ғылым кандидаты және (немесе) PhD докторы ғылыми дәрежесі бар 3 штаттық қызметкердің болуы

Сараптама комиссиясының құрамында шетелдік сарапшылардың болуы

Аккредиттеу стандарттарының (регламенттерінің) болуы

Даму бағдарламасының және (немесе) стратегиясының болуы

Сайтта және білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесінде аккредиттеу туралы куәлік пен жоғары оқу орындары мен ББ-ның сыртқы аудиті туралы есептердің болуы

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде білім беру жүйесінің тәуекел дәрежесі мен тексеру парақтарын бағалау өлшемдері

Қатысумен профилактикалық бақылау жүргізудің субъективті өлшемдері

Бұзушылық дәрежесі

ЖМОО-н қоспағанда, институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу нәтижелері бойынша теріс шешім

Өрескел

Өлшемдер

Бұзушылық дәрежесі


Білім беру ұйымының халықаралық стандарттар мен Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін нұсқаулықтарға негізделген сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету(ESG–исиджи):

елеулі

11. Сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдері ESG - де сипатталған сапаны ішкі қамтамасыз ету үдерістерінің тиімділігін ескеруі тиіс.

12. Сапаны сыртқы қамтамасыз етудің барлық рәсімдері белгілі бір мақсаттар мен міндеттерге сәйкес айқындалып, әзірленуі тиіс және бұл ретте тиісті нормативтік-құқықтық актілерді назарға алу қажет.

13. Сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдері сенімді, пайдалы, алдын-ала анықталған, барлығына бірдей (бірдей) және жарияланған болуы керек. Білім беру бағдарламаларының және (немесе) пәндердің/модульдердің сапасына сәйкестігі тұрғысынан білім алушыларға академиялық адалдықты бұзу фактілерінің болуы тұрғысынан сауалнама жүргізуді ұйымдастыратын білім беру бағдарламаларының мазмұны мен іске асырылу шарттары, бағалау саясаты және факультеттің (мектептің) басқа да академиялық мәселелері бойынша шешімдер қабылдайтын академиялық сапа жөніндегі кеңестің/Комитеттің қызметін ұйымдастыру.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!